

"Мұнайгаз" мемлекеттік холдинг компаниясының "Ақтау-Атырау-Орал" кабельдік байланыс желісін қайта жаңарту" инвестициялық жобасын жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 21 ақпандығы N 181

Ақтау-Атырау-Орал мұнай құбырының жанынан өтетін кабель желісін қайта жаңартудың және Қазақстанның мұнай кешенін басқару мен мұнайды қайта айдаудың көліктік схемасының осы заманғы әдістерін енгізу дің өткір қажеттігіне байланысты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "Мұнайгаз" мемлекеттік холдинг компаниясы мен француздың "Alcatel CIT" компаниясы арасындағы Ақтау-Атырау-Орал кабельдік байланыс желісін қайта жаңарту, сондай-ақ мамандарды оқыту мен сервисті ұйымдастыру жөніндегі контракт мақұлдансын.

2. Жобаны қаржыландыру Франция беретін кредит шеңберінде жүзеге асырылсын.

3. Қазақстанның мемлекеттік даму банкі тиісті француз банкімен жасалған контрактіге сәйкес 23,295 млн. (жынырда үш миллион екі жүз тоқсан бес мың) АҚШ доллары сомасына кредит бөлу туралы жеке кредит келісімін жасайтын болсын.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жеке кредит келісіміне Қазақстан Республикасының кепілдігін берсін.

4. "Мұнайгаз" мемлекеттік холдинг компаниясы Қазақстанның мемлекеттік даму банкімен кредиттік келісім жасасын және оған әрі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне қажетті кепілдік міндеттемесін берсін.

5. "Мұнайгаз" мемлекеттік холдинг компаниясы есептелетін проценттер мен басқа да ілеспе шығындарды ескере отырып, мұнай бірлестіктерінің міндеттемелеріне сәйкес шикі мұнайды беру есебінен кредиттің орнын толтыруды белгіленген мерзімде қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігімен бірлесіп, қайта жаңартылған байланыс желісін Батыс Қазақстан аймағының барлық тұтынушылары мұддесіне кешенді пайдаланудың схемасын әзірлесін.

7. Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігіне аталған қаулының жүзеге асырылуын бақылау жүктелсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК